

2012 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 ақпандағы № 95 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 8 ақпанда N 14-10-178 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 4 ақпандағы № 397 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімі аппаратының 04.02.2013 № 397 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 8-тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және олардың қаржыландырудың көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбекақысы айына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері көлемінде бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. Халмурдовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі: *У.Қайназаров*
Сайрам ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 2 ақпандағы
№ 95 қаулысымен бекітілген

2012 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұсынатын ұйымдардың тізбесі, жұмыстардың түрлері және қаржыландыру көздері

--	--	--	--	--	--

Р/с	Ұйымдардың атауы	Жұмыс түрлері	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қоғамдық жұмысқа қатысушылар саны	Қаржыландыру көздері
1.	Ауыл округтері әкімінің аппараттары	Еңбек рыногының негізгі индикатор көрсеткіштерін анықтау	тұрғындарды әр аула бойынша аралау және жұмыссыздар туралы мәлімет жинау (500 аула)	17	Жергілікті бюджет
2.	Ауыл округтері әкімінің аппараттары	Жолдарды жөндеу; Көгалдандыру, ағаштар отырғызу, күтіп ұстау; Объектілерді салу және жөндеу	2 к м 500 дана 10 нысан	155	Жергілікті бюджет
3.	Ауыл округтері әкімінің аппараттары	Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	6 гектар	150	Жергілікті бюджет
4.	«Сайрам аудандық ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Қоғамдық тәртіпті сақтауға көмек көрсету	160 сағат	17	Жергілікті бюджет
5.	Ауыл округтері әкімінің аппараттары	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету	1200 дана іс құжат	108	Жергілікті бюджет
6.	«Сайрам ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету	1500 дана іс құжат	15	Жергілікті бюджет
7.	«Сайрам аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету	800 дана іс құжат	4	Жергілікті бюджет
8.	«Сайрам аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету	2000 дана іс құжат	8	Жергілікті бюджет
9.	«Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы» Республикалық мемлекеттік	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету	2500 дана іс құжат	10	

	қазыналық кәсіпорнының Сайрам филиалы				Жергілікті бюджет
10	«Сайрам ауданының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету	2500 дана іс құжат	10	Жергілікті бюджет
11	«Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету	2000 дана іс құжат	40	Жергілікті бюджет
12	«Сайрам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету	700 дана іс құжат	10	Жергілікті бюджет
13	«Сайрам аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету	600 дана іс құжат	4	Жергілікті бюджет
14	«Сайрам ауданының төтенше жағдайлар басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету	600 дана іс құжат	2	Жергілікті бюджет
15	«Сайрам әкімдігінің «Сайрам «Болашақ» балалар сауықтыру лагері» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Балалар сауықтыру лагері аумағын көріктендіру, көгалдандыру	7 гектар	10	Жергілікті бюджет
16	«Оңтүстік Қазақстан облысы сот актілерін орындау департаменті Сайрам аумақтық	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету	1500 дана іс құжат	10	

бөлімі» мемлекеттік мекемесі				Жергілікті бюджет
Барлығы:			570	

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында к о з д е л е д і .

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын ұйымдар жұмыссыздардың жалақысына үстеме ақы белгілеуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК